

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

«Ұмытылған ұлттық ойындар»
(топ аралық сайыс)

Тәрбиешілер: Касымғалиева.М.О
Агадиева .К.А

2022-2023 оқу жылы

«Ұмытылған ұлттық ойындар»

Балабақша балалары болашақ несі болғандықтан, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойына сіңіріп, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.-

Соның бірі ұмытылып бара жатқан ұлттық ойындармен ойнату.

Ұлттық ойын: «Бес тас»

Ойынның мақсаты: Қазақтың ұлттық ойынның бірі бес таспен таныстыру, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Жылдамдыққа тәрбиелеу.

«Бес тас»

Дәстүрімізге бойлар болсақ, ата-бабамыз қызын үкілеп өсіріп, сонымен қатар тұрмыс-тіршілікке де баули білген. Қолына ине ұстатып, кесте тігу, құрақ құрау сынды қолөнер түрлерін меңгерткен. Осындай сәттерде, сергу үшін «Бес тас» ойынын ойнаған деседі. Тарихына қатысты айтар болсақ, сонау еңбек құралдары ағаш, тас, сүйек болып келетін ғасырлардан бастау алады деген болжам бар. Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігі» еңбегінде «бестас» ойыны туралы мағлұмат кездеседі. Бұл мағлұматтар арқылы «бес тас» сақ-ғұндардан бері келе жатқан ойын екеніне көз жеткізуге болады. Ойын барысына қарап, «бес тас» ойыншыны жылдамдыққа, қағылездікке, тез шешім қабылдауға үйрететініне күмәнданбайсыз. Бұл ойын жас-кәріні талғамайды. Кішкентай бес жұмыр таспен немесе еліктің асығымен ойнаған. Атау да осыған қатысты қойылған. Ойын «балта шабу», «тоқылдақ», «тарақтау», «құдыққа салу», «қуалау», «кедергі» сияқты көп кезеңнен тұрады. Қатысушылардан кім бастайтынын шешу үшін бес тасты алақанға салып, қолын жоғары серпіп, қолының сыртымен қағып алады. Кім бес тасты түгел жерге түсірмей қағып алса, ойынды сол бастайды.

«Ләңгі тебу»

Халқымыз малын көбейте жүріп, асық атып, ләңгі тепкен. Осылайша, физикалық тұрғыдан ғана емес, ойды да демалдыратын болған. Үнемі ат үстінде жүретін ер азаматтар «ләңгі» ойнап, денесін шынықтырған. Бұл тақымның мықтылығын күшейтіп, адамды жылдамдыққа бейімдейтін ойын. Сойылған ешкінің терісіне құйылған қорғасынды бекітіп, ләңгі жасаған. Ләңгі тебудің де өзіндік шарттары, ұпай жинау тәсілдері бар. Аяғыңды қия бассаң, көз жылдамдығынан адасып, ұпайдан қағыласың. Сондықтан қырағы жігіттер бұл ойында белсенді болған.

Ләңгі тебу ойыны бертінге дейін жалғасқанымен, қазір ойнап жүргенді кезіктіру қиын.

